

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

*2021 жылғы 21 сәуірде жарияланды*

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
А.Ұ. Маминге**

## ДЕПУТТАТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!**

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «ҚазАгро» мен «Бәйтерек» холдингтерін біріктіруді тапсырды. Бүгінгі таңда біріктіру үрдісі аяқталды, алайда шешімін таппаған мәселелер бар.

«Бәйтерек» холдингі өз құрылымын оңтайландыруды жалғастыруда. Жоспар бойынша «ҚазАгроҚаржы» Акционерлік қоғамы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның еншілес ұйымына айналады. Ал, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ мүлдем жойылатын болады. Оңтайландыру ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Бұл мәселе терең әрі жан-жақты қарауды қажет етеді деп санаймыз. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорын тарата отырып, біз ауылдағы ұсақ фермерлердің, қосалқы шаруашылықтардың, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің тұтас бір қабатынан айрылып қалуымыз мүмкін. Өйткені, Қордың негізгі міндеті – шағын несие беру, яғни шағын бизнесті қолдау.

Қор, шағын несие берумен 2005 жылдан бері айналысады. Осы кезеңде 385 млрд теңге шағын несие берілді, басым бөлігі ауылдық жерлерде тұратын 167 мың шағын кәсіпкерлер мемлекеттік қолдауға ие болды. Бұл жай ғана сандар емес, олардың артында қарапайым ауыл тұрғындары, кешегі жұмыссыздар, фермерлер, кәсіпкерлер және көпбалалы отбасылар тұр.

Онымен қатар, Қор ауыл шаруашылығымен байланысты жобаларды ғана несиелендірмейтінін атап өткіміз келеді. Сондай-ақ, бұл ауылдағы қызмет көрсету және сауда саласы. Мұның бәрі - тек қана ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының қаржыландыратын микро және шағын бизнестері. Банк саласы үшін, бұл сегмент іс жүзінде қызығушылық тудырмайды.

Бүгінде республика халқының шамамен 41%-ы ауылдық жерлерде тұрады. Олардың үштен бірі жеке кәсіпкерлер немесе жеке қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істейтін адамдар. Ірі өндірушілер емес, дәл осы ауыл тұрғындары ауыл шаруашылығы мен жалпы ауыл бизнесін дамытудың көзі болып табылады.

Жыл сайын Қор 12 мыңға жуық несиелен береді – бұл 60 млрд теңгеге жуық қаражат. Егер отбасы орта есеппен 4 адамнан тұратынын ескерсек, Қор жыл сайын шамамен 50 мың адамды жеңілдікті несиелен қамтиды.

Қарапайым ауыл азаматы шағын бизнесін қаржыландыру үшін банкке бара алмайды. Өйткені, сіз кез келген банкке кіріп, өз жобаңызды ұсынып, сіздің жалғыз кепіліңіз ауылдағы үйіңіз екенін айтсаңыз, олар сізбен сөйлеспейді де.

Ал, Қорда бұл үйді кепілге алып, тұтынушыға төмен пайызбен несиелен береді және ол ауыр шарттарға құлдыққа түспейді. Сондай-ақ Қор - агро несиелік корпорацияны сақтандырумен айналысады. Бұл құрғақшылық немесе жаңбыр шайып кеткен жағдайда, өсімдік өсірушілер және ауыл шаруашылығы жануарларын күтіп ұстау бойынша тәуекелдерін төмендетуін білдіреді.

Қордың функциялары мен тұтынушыларын «Аграрлық несиелен корпорациясы» АҚ-ға беру нұсқасы неге әкелуі мүмкін? Бүгінгі таңда АНК ірі бизнес-жобаларға бағытталған. Осылайша, ресурстардың жетіспеушілігіне байланысты, ауылдық жерлерде микро және шағын бизнесті несиелену көлемінің айтарлықтай қысқару қаупі бар.

Бұл Президенттің ауылдағы шағын несиелермен бизнесті қолдау қажеттілігі туралы тапсырмаларын ескермеу деп санаймыз. Шағын бизнес ешқандай жағдайда зардап шекпеуі керек, осы саланың ерекшеліктері мен артықшылықтары ескерілуі тиіс.

Өкінішке орай, бұзу – ол салу емес. Біз шынымен қажетті құрылымдар қайта құрылған немесе толығымен жойылған кезде туындаған көптеген мысалдарды білеміз, бірақ уақыт өте келе оларды қалпына келтіруге тура келген болатын.

Жұмыссыздықты азайтуды, жаңа жұмыс орындарын құруды, ауыл тұрғындарына олардың кәсіпкер ретінде қалыптасуы, ауылдық инфрақұрылымды дамытуға көмектесуді ескере отырып, Сізден «Бәйтерек» холдингінің құрамында әлеуметтік міндеттерді шешетін Қор қызметіндегі әлеуметтік құрамдас бөлігін сақтауды сұраймыз.

**Құрметпен, «Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары**

**А. Әбілдаев**

**А. Перуашев**

**Е. Барлыбаев**

**Б. Дүйсенбинов**

**Е. Ерубасев**

**Д. Еспаева**

**А. Жұмабаева**

**Қ. Иса**

**А. Линник**

**Е. Өмірғали**

**М. Раманқұлов**

**А. Сембинов**